

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік аттестациялық комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 26 маусым N 876. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы N 2068 Жарлығына U952068_ сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитетіне (бұдан әрі - Аттестациялық комитет);

бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, тиісті министрліктер мен ведомстволардың, ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарының жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялау саласындағы қызметін бақылап отыру және үйлестіру;

Қазақстан Республикасының ғылыми әлеуетін қалыптастыруға қатысу; ғылымның, техниканың, білім беру мен мәдениеттің даму үрдісі мен келешегіне талдау жасау;

Ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағын тану және оның баламалығы туралы, сондай-ақ аттестациялық істерді сараптау жөнінде Қазақстан Республикасымен шарт (келісім) жасамаған мемлекеттерде атақ берілген, ғылыми дәрежесі (ғылыми атағы) бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді - Қазақстан Республикасының азаматтарын аттестациялау мен қайта аттестациялау саласындағы мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

ғылыми атақ беру туралы дипломдар мен ғылыми дәреже беру туралы аттестаттардың күшін тану жүктелсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.07.08. N 851 қаулысымен. P960851_

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Аттестациялық комитеті жүйесіне: докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестер;

Аттестациялық комитеттің ғылым салалары бойынша құрылған сарап кеңестері, Төралқа мен Пленум кіреді деп белгіленсін.

4. Аттестациялық комитет Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының тапсырысы бойынша ғылыми-техникалық сараптама өткізуді ұйымдастыра алады. Белгіленген тәртіппен біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы сараптамалық қызметті сертификаттауды жүзеге асырады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.08.
N 851 қаулысымен. P960851_

5

6

Ескерту. 5 және 6-тармақтардың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.
12.19. N 1813 қаулысымен. P951813_

7. Аттестациялық комитеттің орталық аппаратын ұстауға арналған шығынды қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

8. Аттестациялық комитет төрағасына Аттестациялық комитет орталық аппаратының ғылыми дәрежесі мен атағы бар қызметкерлеріне тиісті лауазымдық еңбекақыларының 50 процентіне дейін үстеме белгілеу құқығы берілсін.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың 1-абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің
1996.08.20. N 1033 қаулысымен. P961033_

9

Ескерту. 9-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.12.19.
1813 қаулысымен. P951813_

10. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі "Ғылыми-техникалық ақпарат мемлекеттік жүйесінің дамуы" атты республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаға қажетті қаржыландыруды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік аттестациялық комитетінің проблемалық бағдарланған ақпаратты есептеу жүйесін құруға арналған тапсырма кіргізетін болсын.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Аттестациялық комитетті ұстауға қажетті қаражат бөлсін.

12. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Алматы қаласының әкімімен бірлесіп бір ай мерзімде Аттестациялық комитет орталық аппаратының қызметкерлерін орналастыру мәселесін қарап, шешетін болсын.

13. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика

министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісе отырып 1996 жылдан бастап қаражат бөлуді, ал Алматы қаласының әкімі Аттестациялық комитеттің қызметкерлері үшін тұрғын үй салуды және бөлуді белгіленген тәртіппен қамтамасыз ететін болсын.

14. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Аттестациялық комитетті белгіленген тәртіппен үкіметтік байланыс арналарымен, сондай-ақ қажетті мөлшерде телефон, телекс және телефакс байланыстарымен, соның ішінде халықаралық байланыстармен қамтамасыз етсін.

(1 5 - т а р м а қ)

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ алынып тасталған - ҚРҰ-нің 1996.07.08.
N 851 қаулысымен.

16. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 23 шілдедегі N 627 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 30, 449-бап);

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қазандағы N 868 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж, N 40, 595-бап);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-бап)
Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың 13 тармағы.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 26 маусымдағы
N 876 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

аттестациялық комитеті туралы

Ереже

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті (бұдан әрі - Аттестациялық комитет) жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу жөніндегі, атқарушы өкіметтің орталық органы болып т а б ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.07.08. N 851 қаулысымен. P960851_

2. Аттестациялық комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің заңдары мен қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары мен Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің және оның орынбасарларының өкімдерін әрі осы Ережені басшылыққа алады.

3. Аттестациялық комитеттің негізгі міндеттері:

бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, тиісті министрліктер мен ведомстволардың, ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарының жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы қызметін бақылау мен үйлестіруді жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының ғылыми әлеуетін қалыптастыруға қатысу; ғылымның, техниканың, білім беру мен мәдениеттің даму үрдісі мен к е л е ш е г і н е т а л д а у ж а с а у ;

ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау мен қайта аттестациялау ғылыми-техникалық сараптау, ғылыми дәреже берілгені туралы дипломдар мен ғылыми атақ алғаны туралы аттестаттардың күшін тану (теңестіру) салаларында мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтан 5-ші абзац алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.07.08. N 851 қаулысымен. P960851_

4. Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласында.

4.1. Аттестациялық комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес: мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және республиканың ғылым

академияларымен келісе отырып, ғылыми қызметкерлер мамандығының номенклатурасын жетілдіру жөнінде жұмыстар жүргізеді;

жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарда қоғамдық негізде жұмыс істейтін докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестер құрады; кеңестердің жеке құрамын бекітеді және диссертацияны қорғауға қабылдау құқығы берілетін ғылыми мамандықтардың тізбесін белгілейді;

келіп түскен диссертацияларды, ғылыми сараптау үшін, сондай-ақ ғылыми атақ беретін аттестациялау істерін қарау үшін ғылым, техника, білім мен мәдениет салаларындағы жетекші мамандар мен ғалымдар қатарынан сараптау кеңестерін құрады. Сараптау кеңестері жоғарғы оқу орындарының, академиялық және ғылыми зерттеу институттарының, ұйымдар мен мекемелердің ұсыныстары ескеріле отырып құрылады және Аттестациялық комитет Төралқасында кейіннен құрамның кем дегенде үштен бірін жаңарта отырып 3 жыл мерзімге бекітіледі.

Комитеттің бас аттестациялау органы - Төралқа, ол Аттестациялық комитет Пленум мүшелерінің қатарынан 25 адамға дейінгі мөлшерде құрылады. Төралқаның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және ол оқтын-оқтын жаңартылып тұрады. Аттестациялық комитет Төралқасы аттестациялау істерін қарайды және ғылыми дәреже мен атақтарды беру туралы шешім қабылдайды; өз құзыреті шегінде ғылыми дәреже мен ғылыми атақ берілгені туралы құжаттардың күшін тануды жүзеге асырады; ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді қайта аттестациялауды жүргізеді; сараптау кеңесін құру жөнінде шешім қабылдайды, диссертация қорғау мен ғылыми атақ беруде ерекше жағдайларды ескеруді талап ететін өзге де мәселелерді қарастырады. Төралқа туралы ережені Аттестациялық комитеттің төрағасы бекітеді;

ғылыми жұртшылықты жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялауға және ғылыми-техникалық сараптау проблемаларына кеңінен тарту мақсатында 75 адамға дейінгі ірі ғалымдар мен халық шаруашылығының мамандары бар қоғамдық ғылыми кеңес - Аттестациялық комитеттің Пленумын құрады. Пленумның жеке құрамын Аттестациялық комитеттің төрағасы бекітеді және ол мезгіл-мезгіл жаңартылады. Пленум туралы ережені Аттестациялық комитет төрағасы бекітеді;

мамандандырылған кеңестердің қызметін бақылайды және олардың әрбір ғылыми мамандық жөніндегі жүйесін қайта қарайды;

тиісті мамандандырылған кеңестің ұсынысы негізінде ғылым докторы дәрежесін береді;

тиісті ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестің ұсынысымен тиісті мамандықтар бойынша профессор және доцент ғылыми атақтарын береді;

ғылым кандидаты ғылыми дәрежесінде ізденушілердің диссертациялары мен аттестациялық іс қағаздарын іріктеп тексереді;

қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларға ғылыми талдау жасайды және мүдделі ұйымдарға олар туралы тиісті мәлімет береді;

ғылым докторы мен ғылым кандидатының дипломдарын және тиісті мамандықтары бойынша профессорлар мен доценттердің аттестатын белгіленген тәртіппен ресімдейді;

Аттестациялық комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа мемлекеттердің үкіметтерімен келісімдерінің жобасын дайындауға қатысады;

Қазақстан Республикасы олармен ғылыми дәреже мен ғылыми атақты тану туралы шарт (келісім) жасасқан басқа мемлекеттерде Қазақстан Республикасының азаматтары алған ғылыми дәреже мен ғылыми атақ беру туралы құжаттардың күшін тануды өз құзыреті шегінде жүргізеді.

Қазақстан Республикасы олармен ғылыми дәреже мен ғылыми атақты тану және оның баламалылығы туралы шарт (келісім) жасамаған мемлекеттерде ғылыми дәреже (ғылыми атақ) алған ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді - Қазақстан Республикасының азаматтарын қайта аттестациялауды өз құзыреті шегінде жүзеге асырады;

Ғылым министрлігі-Ғылым академиясымен, Экономика министрлігімен, Білім министрлігімен, және басқа министрліктермен, ведомстволармен бірлесе отырып, ғылымның, техниканың, білім беру мен мәдениеттің даму үрдістері мен келешегін талдау жасайды әрі экономиканың тиісті салаларын жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету шараларын қарастырады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 4.1-тармақшасына өзгерістер енгізілді -

ҚРҰ-нің 1996.07.08. N 851 қаулысымен.

4.2. Аттестациялық комитетке:

жұмыс тәжірибелерін зерделеу және жинақтап отыру мақсатымен мамандандырылған және ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестер басшыларының есебін тыңдау;

қажет болған жағдайда қорғауға ұсынылған диссертацияларды олардың ғылым мен практика үшін маңызын және оларға қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында мамандандырылған кеңестерге жіберу;

диссертация қорғаудың белгіленген тәртібін өрескел бұзған мамандандырылған кеңестерді қорғауға диссертация қабылдау құқығынан айыру ;

диссертация қорғаудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайда мамандандырылған кеңестің, ғылым кандидаты ғылыми атағын беру туралы

ш е ш і м і н

ж о ю ;

ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді ғылыми дәрежелерінен және ғылыми атақтарынан өз құзыреті шегінде айыру (қалпына келтіру);

қажет жағдайларда ресми оппоненттерді тағайындау, диссертациялық жұмыстарды сараптау мен мамандандырылған кеңестердің қызметін тексеру үшін жоғары білікті мамандарды тарту;

диссертация қорғайтын кеңестерді және ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестері бар ұйымдар мен мекемелерден, оларды ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, белгіленген тәртіппен жыл сайын ғылыми-ұйымдық және статистикалық есеп және қажет болған жағдайда ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялауды жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу және оларды жүзеге асыру үшін атқарушы өкіметтің орталық органдарынан ақпарат алу;

жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау жүйесін жетілдіруге, диссертациялардың ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын арттыруға байланысты проблемаларды талқылау үшін ведомствоаралық кеңесті белгіленген тәртіппен шақыру;

шет елдермен ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды, жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау мәселелері бойынша халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысушы өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;

жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялауға байланысты басылымдар үшін материалдар дайындауға белгіленген тәртіппен қатысу;

Аттестациялық комитеттің Бюллетенін шығару құқы беріледі.

5. Аттестациялық комитет біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы сараптамалық қызметті сертификаттауды белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.08.

№ 851 қаулысымен.

6. Аттестациялық комитетті қызметке Қазақстан Республикасы Президенті тағайындайтын және босататын Төраға басқарады.

Аттестациялық комитетке Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын және босататын комитет төрағасының екі орынбасары, соның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

Төраға Аттестациялық комитетке жүктелген міндеттерді орындаудың жеке жауапкершілігін өз мойнына алады және оның жұмысына басшылық жасайды.

Аттестациялық комитеттің төрағасы:

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шекте орталық аппарат

құрылымы қызметкерлерінің саны мен еңбекақы қорын, штаттық кестесін және орталық аппараттың бөлімшелері туралы ережені, сондай-ақ бюджет қаражатының тиісті кезеңіне бекітілген шектегі оны ұстаудың шығын сметасын б е к і т е д і ;

өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының аумағында қолдану үшін жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау мәселелері жөніндегі ғылыми дәреже мен ғылыми атақтар беруге байланысты нұсқаулар, шығарады, сондай-ақ олардың орындалуын тексеруді ұйымдастырады ;

Қазақстан Республикасының заң шығару және атқару өкіметінің органдарымен, сондай-ақ басқа да мемлекеттік, қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Аттестациялық комитеттің өкілдігін б і л д і р е д і ;

валюталық қаражатты қоса алғанда Аттестациялық комитетті қаржыландыруға бөлінген қаражатқа билік етуші болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.08.

№ 851 қ а у л ы с ы м е н .

7. Аттестациялық комитеттің орталық аппаратын ұстауға жұмсалатын шығын мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арнап Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

8. Аттестациялық комитетте құрамында Аттестациялық комитеттің төрағасы (алқа төрағасы), лауазымы бойынша оның орынбасарлары және алқа мүшелері бар 9 адамнан тұратын алқа құрылады.

Алқа мүшелерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Кеңесші орган болып табылатын алқа Аттестациялық комитеттің ағымдағы қызметіндегі негізгі мәселелерді, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды, кадрларды іріктеу мен пайдалануды, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын қарайды. Алқа шешімі мәжіліске қатысушылардың басым бөлігінің ашық дауысымен қабылданады және Аттестациялық комитет төрағасының бұйрығымен ресімделеді.

9. Аттестациялық комитет аппараты қызметкерлерінің саны мен еңбекақы қорын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Аттестациялық комитеттің сараптау кеңесінің қызметтен босатылмаған мүшелерінің, сараптауға сырттан тартылған мамандардың, сондай-ақ ресми оппоненттердің еңбегіне ақы төлеу белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ғалымдар мен мамандардың ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды аттестациялау ісіне, қатысуы олардың ғылыми-қоғамдық қызметінің басты бағыты ретінде қарастырылады.

Мемлекеттік кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден Аттестациялық

комитеттің қызметіне тартылған ғалымдар мен мамандар оған қатысу кезеңінде тұрақты жұмыс орнындағы міндеттерді орындаудан босатылады.

ЕСКЕРТУ. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.08.

№ 851 қаулысымен.

10. Аттестациялық комитет заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз аты жазылған мөрі, банк мекемелерінде есеп айырысу және өзге, оның ішінде валюталық е с е п ш о т ы б а р .

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 26 маусымдағы
№ 876 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Аттестациялық комитетті орталық аппаратының
Құрылымы

Басшылық

Физика-математика, техника ғылымы, Жер және ғарыш туралы ғылым бөлімі (жетекші)

Химия, биология, медицина және ауыл шаруашылығы ғылымы бөлімі (жетекші)

Гуманитарлық ғылым бөлімі (жетекші)

Сараптау, инспекция және талдау бөлімі (жетекші)

Ақпарат, құжаттарды ресімдеу бөлімі (жетекші)

Әкімшілік басқару бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК